

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУ ІНСТИТУТЫ**

**«БАЛАҚАЙЛАР МЕКТЕБІ»
МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚТЫҢ
ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**КРАТКОСРОЧНАЯ ПРОГРАММА
ПРЕДШКОЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ
«БАЛАҚАЙЛАР МЕКТЕБІ»**

Астана 2024

*Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

«Балақайлар мектебі» мектепалды даярлықтың қысқа мерзімді бағдарламасы – Астана, 2024. – 62 бет.

«Балақайлар мектебі» мектепалды даярлықтың қысқа мерзімді бағдарламасы мектепалды даярлықпен қамтылмаған балаларды мектепте оқуға дайындау үшін әзірленді.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

Бағдарлама Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2024 жылғы 24 мамырдағы №4 хаттама).

«Балаларды ерте дамыту институты» 2024 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Балаларды мектепалды даярлау бес жастан бастап мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында немесе отбасында жүзеге асырылады¹.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі - бастауыш мектепке барған кезде әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалар үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету болып табылады.

«Балалардың бастапқы мүмкіндіктерін теңестіру» - мектеп жасына дейінгі балаларға отбасының әл-ауқатына, тұрғылықты жеріне және ұлтына қарамастан ата-аналардың қалауы бойынша мектепте табысты оқуы үшін қамтамасыз етілетін тең жағдайлар жасауды білдіреді.

Жазғы кезеңде мектепалды даярлықпен қамтылмаған балалар үшін ата - аналардың қажеттілігі ескеріліп, білім беру ұйымдарының жанында мектепалды даярлықтың қысқа мерзімді бағдарламасын (*бұдан әрі-Бағдарлама*) іске асыратын «Балақайлар мектебі» ұйымдастырылады.

Бағдарламаны іске асыру ұзақтығы жазғы кезеңде 1 айды құрайды.

Білім беру ұйымы ұйымдастырылған іс-әрекет/сабақ кестесін бекітеді.

Топтағы/сыныптағы балалар саны - 25 адамнан артық болмауы тиіс.

Апталық оқу жүктемесі -20 сағаттан аспауы тиіс.

Жұмыс тәртібі - аптасына бес күн 4-5 сабақты, ұзақтығы - 10 минуттық үзіліспен - 30 минутты құрайды (*қосымша 1,2,3*).

Үзіліс кезінде қимылды ойындарды ойнату ұсынылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру үшін жайлы жағдайлар жасалуы тиіс: талаптарға сәйкес жарақтандырылған жеке оқу кабинеті².

Бағдарлама Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының³ талаптарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары⁴ мен Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленді⁵.

Бағдарламаның **мақсаты** – балаларды бастауыш мектепте оқуға дайындау.

Міндеттері:

құзыреттіліктерді дамыту (*физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларды, балалардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру*);

мектепте оқуға тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік-психологиялық дайындықты қалыптастыру;

¹ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

² <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

³ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

⁴ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

5 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

баланың оқуға ынтасын қалыптастыру;

баланың білім алуға деген қызығушылығы мен қалауын, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауын дамыту.

Бағдарлама мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты көздейді, педагогтер мен ата-аналарға балаларды мектепте оқуға дайындауға мүмкіндік береді.

Бағдарлама мазмұны балалардың психологиялық дайындығын ескере отырып, мектепте оқуға дайындықтың барлық аспектілерін қамтиды.

Әрбір сабақ екі блоктан тұрады.

Бірінші блок эмоционалды-ерікті, адамгершілік саланы, коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған жаттығуларды, этикалық әңгімелерді қамтиды.

Екінші блокқа танымдық процестерді, қолдың ұсақ моторикасын, қимылдарды үйлестіруді дамытуға арналған ойындар мен тапсырмалар және релаксация жаттығулары кіреді.

Жұмыстың келесі нысандары қолданылады:

- жеке;
- топтық;
- шағын топпен.

Ұйымдастырылған іс-әрекет/сабақтар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын түрінде өткізіледі.

Сабақтарды құру принциптері:

- психологиялық жайлы атмосфера құру;
- балалардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкестігі;
- талаптар мен жүктемелердің сәйкестігі;
- мейірімділік таныту және бала еңбегінің нәтижелеріне құрметпен

қарау;

- баланың қызығушылығы мен белсенділігін қолдау;
- ересек пен баланың өзара әрекеті.

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде балалар құрдастар тобына жеңіл бейімделеді, әрекеттерді бірге орындау арқылы оларда ынтымақтастық қалыптасады, өзіне деген сенімділігі артады.

5 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР ДАМУЫНЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектепалды жастағы балаларға зияткерлік, адамгершілік-ерік-жігер мен эмоционалды тұрғыдан қарқынды даму тән болып келеді.

Бұл жаста балалардың мінез - құлқында сапалы өзгерістер болады-өзін-өзі бақылауы қалыптасады, олар бұрын ересектер қойған талаптарды өзіне қоя бастайды.

Бес жастағы балалар белсенділік танытуға, сұрақтар қоюға және эксперимент жасауға ұмтылысы арқылы қоршаған әлем туралы түсініктерді

меңгереді. Бұл жастағы бала негізгі түстерді біледі және реңктер туралы түсінікке ие (*бір түстің екі реңкін көрсете алады — ашық қызыл және қою қызыл*).

Балалар геометриялық фигуралардың айырмашылықтарын айтып бере алады. Баланың кеңістікті бағдарлау қабілеті артады, зейіні тұрақты және ерікті болады. Олар ересекпен бірге 20-25 минут бойы қызықты емес, бірақ қажетті әрекетпен айналыса алады. Бұл жастағы балалар ересектер белгілеген ережелерге сәйкес әрекет етуге қабілетті. Есте сақтауы айтарлықтай өзгермейді, оның тұрақтылығы артады. Сонымен қатар, балалар есте сақтау үшін қарапайым тәсілдер мен құралдарды қолдана алады.

5 жастағы балаға белсенді (*өнімді*) қиялының дамуы тән болып келеді, ол практикалық әрекеттен бөлініп, дербестікке ие бола бастайды. Бала қиялдағы бейнелері арқылы толық және нақты шындықты көрсете алады, шынайы және ойдан шығарылған нәрселерді (*заттарды*) анық ажырата бастайды. Көрнекі-бейнелі ойлау жетекші мәнге ие болады, бұл балаға көрнекі құралдарды және әртүрлі заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы түсініктерді қолдана отырып, неғұрлым күрделі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Балада сөздік-логикалық ойлау пайда болады.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ НЕГІЗІ МІНДЕТТЕРІ

Педагогтердің негізгі күш-жігері балалардың мектепте оқуға ынтыласын қалыптастыруға, дербес, командада әрекет ете білуге, білуге құмарлықты, шығармашылық белсенділікті дамытуға бағытталуы тиіс.

Сыныпта/топта эмоционалды жайлылықты орнату. Әр балаға жылы қабақ таныту, барлық балаға мейірімді, кешірімді болу, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне құрметпен қарауды, жетістіктеріне қуана білуді, бастамашылдығына қолдау көрсетуді, әр бала өзін қауіпсіз сезінуі үшін оларға сенім білдіру.

Балалардың ұлтына, әлеуметтік статусына, психофизиологиялық және басқа ерекшеліктеріне қарамастан барлығына бірдей көңіл бөлу және әділ болу.

Балаларды тыңдай білу және есту, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу.

Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс жүргізудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс.

Педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы маңызды және сапалы өзара әрекет болып табылады.

Педагог білім беру ұйымының аумағында балаларды қабылдауды (*ауа-райының жағдайларына байланысты*), сабақтарды, сергіту сәттерін, ойындарды және балалар әрекетінің басқа да түрлерін ұйымдастырады.

Педагог мынадай түсініктерді, біліктер мен дағдыларды қалыптастырады:

- «дұрыс» - «бұрыс», «болады»-«болмайды»;

- сыпайылық және мейірімділік;
- дос болу, құрметтеу, көмектесу, бөлісу;
- қызығушылық таныту, қоршаған әлемді бақылау және зерттеу;
- тыңдау, түсіну және саналы сөйлеу;
- қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтау;
- физикалық белсенділікке, оның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнау;
- ересектерге көмектесу, еңбекқорлыққа баулу.

Педагог Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға құқылы.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

Физикалық қасиеттерді дамыту

Физикалық қасиеттерді дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын сергіту сәттері, қимылды, спорттық және ұлттық ойындарда жүзеге асырылады.

Міндеттері:

балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету;
 физикалық белсенділікті дамыту,
 салауатты өмір салты дағдыларына баулу;
 физикалық сапаларды: күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік, ептілікті дамыту;

ойындардың барысында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;

ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысуға тарту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі кезінде сабақтар мен ойындар арасындағы сергіту сәттеріне уақыт бөлінеді.

Мазмұны мен нысаны бойынша әртүрлі сергіту сәттері таңдалады, олар жалпы дамытушы жаттығулар, түрлі ойындар (*4-қосымша*), би қимылдары түрінде өткізіледі.

- саусақтармен орындалатын сергіту сәттері (*5-қосымша*), олардың барысында балалар ересектердің қимылдарын қайталай отырып, қолдың моторикасын дамытады. Осылайша баланың ептілігі, өзінің қимылдарын басқара білуі, бір әрекет түріне назар аударуы қалыптасады;

- сөйлеу мен қимылдар бірге орындалатын сергіту жаттығулары (*6-қосымша*), балалар бірге шағын көңілді өлеңдерді оқиды және бір уақытта

әртүрлі қимылдарды сахналай отырып, орындайды;

- билер мен ырғақпен орындалатын сергіту сәттері, олар көңілді музыкамен орындалады, барлық қимылдар ерікті.

Сергіту сәттерін өткізгенде балалар партада/үстелдің басында отыруы немесе оның жанында тұруы, тақтаның жанында немесе парталардың/үстелдердің арасында, шеңберде және шашырап, жұппен тұруына болады.

Күтілетін нәтижелер:

-негізгі қимылдардың түрлерін меңгерген (*жүру, жүгіру, секіру*);

-құрдастарымен қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастаушы болады, ойын ережелерін сақтайды, ептілік, жылдамдық, төзімділік танытады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Коммуникативтік дағдыларды дамыту сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеттері/ сабақтар арқылы жүзеге асырылады.

Міндеттері:

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру;

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту.

Сөйлеуді дамыту

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Дыбыстарды дұрыс және анық айтуды бекіту.

Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы) дағдыларын қалыптастыру.

Сөздік қор

Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, сын есімдермен байыту.

Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану.

Сөздік қорды (*сөздік минимум үлгісін*) қолдану (*7-қосымша*)

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөйлемдердегі сөздерді үйлестіре білуді қалыптастыру, сөйлеу әдебін, жай және құрмалас сөйлемдерді қолдану; интонациясы бойынша сөйлемдерді (*хабарлы, сұраулы, лепті*) ажырату, сөйлегенде қолдана білу.

Байланыстырып сөйлеу

Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.

Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу,

әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыра білуді қалыптастыру.

Көркем әдебиет

Көркем әдебиетке деген қызығушылықты дамыту.

Әдеби шығармаларды (*ертегі, әңгіме, өлең*) ажыратуға үйрету.

Сауат ашу негіздері

Сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың ретін анықтай білуді қалыптастыру.

Буын туралы түсінікті қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлуге, олардың саны мен ретін анықтауға үйрету. Буындардан сөздер құрастыруға (*ауызша*) үйрету.

Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.

Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыруға, бояуға үйрету; әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейін өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.

Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, әртүрлі өмірлік жағдайларда қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеруді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды көздейді.

Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет және сауат ашу негіздері бойынша сабақтар сабақ кестесіне сәйкес балалар әрекетінің түрлері (*ойын, шығармашылық, еңбек және т.б.*) арқылы жүзеге асырылады.

Педагогтер балалардың сөйлеуін дамыту үшін әр бала жеке жауап бере алатындай түрлі сұрақтарды жиі қойып, олармен кез-келген тақырыпта көбірек сөйлесіп, балалардың пікірлерін тыңдай білу қажет.

Сабақ барысында балалар сөздердегі жекелеген дыбыстарды, сөздегі бірінші дыбысты анықтауға, белгілі бір дыбысы бар сөздерді таңдауға, қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажыратуға, суреттер бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге және артикуляциялық жаттығуларды орындауға үйренеді (*8-қосымша*).

Сонымен қатар, педагогтер балалардың сөздік қорын байытып, оларды қарым-қатынас жасауға тарту қажет, сондай-ақ балалардың сөздік қорын байыту үшін заттарды, орындарды сипаттауға қосымша мағына беретін көптеген таныс және жаңа сөздерді (*мысалы, «әдемі көйлек» сөзін «сәнді», сөзімен ауыстыруға болады*) қолдану ұсынылады. Жаңа сөздерді қолданған кезде педагог балаларға олардың мағынасын түсіндіруі қажет.

Педагог «иә» және «жоқ» деген қарапайым жауаптарды қажет ететін сұрақтарды қоймай, баламен диалог құруы тиіс (*толық жауап беруді қажет ететін сұрақтар қою*).

Қазіргі әлемде гаджеттердің басымдық танытуына қарамастан баланың зияткерлік дамуы үшін кітап оқудың маңызды екенін атап өткен жөн. Балаларға электронды кітапты емес, шынайы кітапты оқып беру оның ішкі жан-дүниесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Осыған байланысты педагогтер балаларға әдеби шығармаларды (*ертегі, әңгіме, өлеңдер*) оқып беруі, олармен бірге суреттерді қарауы, балаларға берілген тақырып бойынша шағын әңгімелер құрастыруға тапсырмалар беруі қажет.

Балаларға сөздерді үйрету бойынша жұмыс жүргізіледі. «Буын» термині енгізіледі, балалар сөзді буындарға бөлуді үйренеді (*шапалақпен және қадаммен санау*).

«Дауысты дыбыс» термині енгізіледі және ол қызыл текшемен белгіленеді, содан кейін «дауыссыз дыбыс» термині енгізіледі, оны қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарға бөлу, оларды көк және жасыл текшелермен белгілейді.

Балаларды мектепке дайындауда маңызды міндеттердің бірі – қолдың ұсақ бұлшық еттерін, қимылдардың үйлесімділігін дамыту. Бұл жаста балаға жазу элементтерін меңгеру қиынға түседі, осы қиындықтарды еңсеруге саусақтарды дамытатын сурет салу, мүсіндеу сабақтары көмектеседі. Әрбір көркемдік техника белгілі бір деңгейде бала қолының, білегінің және саусақтарының бұлшық еттерін дамытады. Мысалы, графикалық жұмыс қимылдарды жақсы үйлестіруге үйретеді, мүсіндеу саусақтарды дамытады, ал кескіндеме техникасымен орындалатын тапсырмалар қолмен еркін қимылдар жасауға ықпал етеді.

Күтілетін нәтижелер:

- дыбыстарды дұрыс айтады, сөйлегенде жай және құрмалас сөйлемдерді қолданады, ересектің айтқанын түсінеді және тодық жауап береді;
- шағын әңгімелер құрастырады, мәтіннің мазмұнын айтып береді, өлеңдерді жатқа айтады;
- дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, сөздерді буындарға бөледі, сөздерге дыбыстық талдау жасайды;
- қағаз бетінде бағдарлайды, қарындашты дұрыс ұстайды;
- қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтады, айналасындағы заттарды және қарапайым әрекеттерді атайды.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті/ сабақтар арқылы іске асырылады.

Міндеттері:

- танымдық қызығушылықты, білуге құмарлықты, білім беру әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыруды дамыту;
- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнатуды, қорытынды жасауды дамыту.

Жиын

Жиынды (*түсі, өлшемі, пішіні, қолданылуы, дыбысы, қимылы бойынша заттардан*) құруға үйрету.

Сан және санау

10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Қанша?», «Нешінші?» («Қандай») сұрақтарын ажыратуға және оларға дұрыс жауап беруге үйрету.

Шама

Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (*түсі, пішіні, өлшемі*) салыстыра білуге үйрету.

Геометриялық фигуралар

Геометриялық фигуралар (*дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш*) мен денелерді (*шар, текше, цилиндр*) ажырататып, оларды дұрыс атай білуге үйрету.

Кеңістікті бағдарлау

Заттарды кеңістікте және өзіне қатысты орналастыру (*сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде*) дағдысын қалыптастыру.

Уақытты бағдарлау

Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті, айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.

Мектепалды жастағы балаларға математика негіздері бойынша сабақтарды дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу әрекеті, театрландырылған және дербес әрекет, құрастыру, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы әңгімелер және басқалар арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады.

Ол үшін тиісті сұрақтар қою, балалардың математикалық терминдерді қолданып, берген жеке жауаптарын тыңдау, олардың өзбетінше зерттеу әрекеті арқылы меңгерген дағдылары негізінде заттарды талдауына назар аудару қажет.

Сонымен қатар, педагог балаларға 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету қажет. Бала бұл сандарды «жаттап» қана қоймай, санауды іс жүзінде қолдана білуі тиіс, яғни сан мен затты сәйкестендіре білуі (*мысалы, балаға киіміндегі 10 түймені санауды ұсынуға болады*). Бала санау процесін саналы түрде түсіне білуі қажет.

Негізгі геометриялық пішіндердің (*дөңгелек, төртбұрыш, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш*) атауларын білу және оларды атау.

Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру: түсі, пішіні, өлшемі.

Математика негіздері бойынша сабақтарда әдістер мен тәсілдердің

кешенін қолдану қажет: практикалық, ауызша, көрнекі, ойын.

Балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуда балалардың бірлескен және дербес әрекетін ұйымдастыру маңызды рөл атқарады.

Сабақ барысында алынған білім педагогтің балалармен бірлескен әрекетінде - жұмбақтарды шешу, мақал-мәтелдермен таныстыру және оларды жаттау кезінде, ойындарда бекітілуі керек. Сондай-ақ, сабақтарда және педагогпен бірлескен әрекетте алынған математикалық білімді «Супермаркет», «Сұлулық салоны», «Жанармай құю станциясы» сюжетті-рөлдік ойындарында қолдануға болады.

Бірлескен әрекеттерді топпен, шағын топтармен, жұппен өткізуге, сонымен қатар, жарыс сипатындағы ойындарды қолдануға болады.

Күтілетін нәтижелер:

- 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды;
- заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, көлемі, саны, материалы) салыстырады;
- уақытты, кеңістікті, жазықтықты бағдарлайды;
- геометриялық фигуралар (*дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш*) мен денелерді (*шар, текше, цилиндр*) ажыратады және дұрыс атайды;
- ойын түріндегі логикалық тапсырмаларды орындайды, қызығушылық танытады, берілген міндетті шешудің тәсілдерін табады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері/сабақтар арқылы іске асырылады.

Міндеттері:

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;

өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;

балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы отансүйгіштікке баулу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету.

Сурет салу

Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын жеткізе білуге үйрету, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.

Мүсіндеу

Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндей білуді қалыптастыру.

Жапсыру

Қайшыны қолдануды үйрету: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.

Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру сабақ кестесіне сәйкес балалардың қызығушылықтары ескеріліп жүзеге асырылады және олар түрлі әрекетпен немесе көпшіліктің қалауы бойынша барлығы бір әрекет түрімен айналыса алады.

Бейнелеу әрекетін орындау кезінде балаларға еркіндік беру, айналада болып жатқан оқиғаларды түсіну, тәжірибе мен дағдыларды меңгеру, қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу үшін шығармашылық тапсырмаларды орындауға тарту, педагог дайындаған үлгімен шектелмей, болып жатқан оқиғаларға деген қатынасын білдіру үшін бейнелеу құралдарын қолдану ұсынылады.

Сурет салу — балалардың шығармашылық белсенділік танытатын сүйікті әрекеттерінің бірі. Суреттердің тақырыбы әртүрлі болуы мүмкін - қоршаған ортадағы жекелеген заттар мен көріністер, әдеби кейіпкерлер, сәнді өрнектер және т. б.

Педагог балаларды сурет салуға үйрете отырып, заттардың пішініне назар аударуға, оларды бір-бірімен салыстыруға, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуға, пропорцияларды, түстерді дұрыс бере білуге баулиды.

Мүсіндеу кезінде балалар тек жұмсақ пластикалық материалдармен, қолмен жасауға оңай — сазбалшықпен, ермексазбен, камырмен жұмыс істеу тәсілдерін меңгереді. Балалар адамдарды, жануарларды, ыдыс-аяқты, көлікті, көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды мүсіндейді. Түрлі тақырыптар баланың танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыратын тәрбиелік міндеттерді орындайды. Мүсіндеу кезінде балаларға жұмысты ұқыпты орындау, жұмыс аяқталғаннан кейін заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту қажет.

Жапсыру сабақтары математикалық түсініктерді дамытуға ықпал етеді. Балалар қарапайым геометриялық пішіндердің атауларымен және белгілерімен танысады, заттардың және олардың бөліктері мен шамаларының кеңістікте орналасуы туралы түсінікке ие болады. Бұл түсініктерді балалар сәндік өрнекті жасау процесінде немесе заттың бөліктерін бейнелеуде оңай меңгереді.

Жапсыру процесінде балаларда түсті, ырғақты, симметрияны қабылдауы дамиды және осының негізінде көркемдік талғамы қалыптасады. Қолдың бұлшық еттері, қимылдардың үйлесімділігі дамиды. Бала қайшыны қолдануды, пішіндерді дұрыс қиюды үйренеді.

Сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға үйрету балалардың ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесіне ықпал етеді.

Күтілетін нәтижелер:

- шынайы бейнесіне қарап және ойдан заттарды мүсіндейді;
- қиялы, ауызша сипаттама, ұсынылған тақырып бойынша әр түрлі материалдардан өзбетінше, құрдастарымен бірге құрастырады;
- бояулармен және қарындаштармен сурет салады, контурдан шықпай бояйды, негізгі түстер мен олардың реңктерін ажыратады;
- қайшыны қолдана алады, пішіндерді қияды.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті/ сабақ арқылы іске асырылады.

Міндеттері:

- балаларды қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу, дербестікке тәрбиелеу;
- Отан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;
- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне, қоршаған ортаға жанашырлық сезімін дамыту.

Қоршаған ортамен таныстыру

Бала, оның отбасы, үйі

Туыстық байланыстар туралы түсінік қалыптастыру (атасы мен әжесі, жақын туыстары). Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.

Көлік, байланыс құралдары

Көлік құралдарының түрлері, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуы туралы түсінік қалыптастыру.

Еңбекке баулу

Әртүрлі мамандықтар, олардың еңбегінің мазмұны және нәтижесі туралы түсінікті дамыту.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие

Туған өлке, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.

Тірі және өлі табиғат объектілерінің маңыздылығын түсіну.

Туған өлке көрнекі жерлері мен тарихи орындары туралы білімін қалыптастыру.

Туған ел, табиғат туралы білім беру.

Жол қозғалысы ережелері

Жолда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Табиғатпен таныстыру

Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (*су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар,*

тастар, жел, жаңбыр). Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету.

Өсімдіктер әлемі

Балалардың өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер). «Дала», «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.

Жануарлар әлемі

Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату дағдыларын қалыптастыру.

Қоршаған ортамен таныстыру бойынша сабақтар объектілерді бақылау (*тірі және өлі табиғат*), заттарды зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, оқып беру (*педагогтің тиісті ақпаратты оқып беруі, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау*), әңгімелесу, қарым-қатынас жасау, ойын әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Педагогтер балада «Мен» бейнесін қалыптастыру арқылы балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен отбасылық құндылықтарға баулуға, әртүрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі туралы білімді қалыптастыруға, балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, Отанның тарихы мен мәдениетін құрметтеуге басымдық беруі қажет.

Мектепалды жастағы балаларда әлеумет туралы түсінік болуы қажет. Бұл мынадай тақырыптар: «Мамандықтар», «Көлік», «Киім», «Үй», «Мен және отбасым», «Мен және менің достарым», «Менің елім», жол қозғалысының ережелері, өрт қауіпсіздігі, қоғамдағы мінез-құлық ережелері, салауатты өмір салты арқылы іске асырылуы тиіс.

Сондай-ақ, балаларда табиғат туралы бастапқы түсінік болуы қажет: мысалы, «Адам табиғаттың бір бөлігі», «Үй жануарлары мен жабайы жануарлар», «Жәндіктер», «Өсімдіктер», «Жыл мезгілдері және маусымдық өзгерістер» тақырыптары бойынша қарастыруға болады.

Мектепалды жастағы балалар үшін қоршаған ортамен таныстыру сабағы аптасына үш рет өткізіледі. Табиғатпен таныстыру бойынша ойындар күн сайын өткізіледі. Қоршаған ортамен таныстыруда өңірлік компонентті ескеру қажет.

Күтілетін нәтижелер:

- Отан, мемлекеттік рәміздер, мерекелер, ұлттық салт-дәстүрлер туралы түсініктерге ие, отансүйгіштік сезімдерін көрсетеді;
- туыстық байланыстарды, отбасылық дәстүрлерді біледі, үлкендерге құрмет, кішілерге ізет көрсетеді;
- жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын, жануарлар мен өсімдіктерді біледі, туған өлкенің табиғатына қамқорлық танытады;
- әр түрлі мамандықтарды біледі және ересектердің еңбегін құрметтейді;
- ұжымдық әрекет түрлеріне қатысады, тапсырмаларды орындайды,

жұмыстың нәтижелерін бағалайды;

- үйде, қоғамдық орындарда, жолда, табиғатта және төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын меңгерген.

**«Балақайлар мектебі» мектепалды даярлықтың
ұйымдастырылған іс- әрекет/сабақ кестесі**

Өткізу уақыты	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
09.00-09.30	Математика негіздері	Сөйлеуді дамыту	Сауат ашу негіздері	Математика негіздері	Сөйлеуді дамыту
<i>1-2 мин</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>
09.40-10.10	Қоршаған ортамен таныстыру	Көркем әдебиет	Математика негіздері	Сөйлеуді дамыту	Сауат ашу негіздері
<i>1-2 мин</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>
10.30-11.00	Сауат ашу негіздері	Математика негіздері	Қоршаған ортамен таныстыру	Сауат ашу негіздері	Қоршаған ортамен таныстыру
<i>1-2 мин</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>
11.10-11.40	Жапсыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет	Сурет салу
<i>1-2 мин</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>	<i>Сергіту сәттері</i>
11.50-12.20			Көркем әдебиет	Мүсіндеу	

Балалардың оқу жүктемесінің көлемі (үлгі)
Оқыту мерзімі: 1 ай

№	Құзыреттіліктер	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Апталық оқу жүктемесі (сағат.)	Оқу жүктемесінің жалпы көлемі (сағ.) 1 ай.
1.	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	4	16
		Көркем әдебиет	3	12
		Сауат ашу негіздері	4	16
2.	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	4	16
3.	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	1	4
4.	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	4	16
	Барлығы		20	80

Перспективалық жоспар
Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Сөйлеуді дамыту

№	Мазмұны	Сағат саны 1 ай
1	Дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру	2
2	Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы), фонематикалық естуді дамыту	2
3	Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану	2
4	Берілген тақырыпқа сюжеттік әңгімелер құрастыру	2
5	Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру	2
6	Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратуға, оларды сөйлегенде қолдануға үйрету	2
7	Монолог құруға және диалогті бастауға жаттықтыру	2
8	Бақылау бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыруға үйрету	2
	Барлығы	16

Көркем әдебиет

№	Мазмұны	Сағат саны 1 ай
1	Көркем әдебиетке қызығушылықты дамыту	2
2	Балалардың көркем әдебиетті тыңдау қабілетін дамыту	2
3	Түрлі әдеби жанрлардың ерекшеліктерімен таныстыру (ертегі, әңгіме, өлең). Өлеңдерді жатқа айту.	2
4	Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету	2
5	Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналай білуді дамыту	2
6	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу	2
	Барлығы	12

Сауат ашу негіздері

№	Мазмұны	Сағат саны 1 ай
1	«Дыбыс, буын» түсініктерімен таныстыру	2
2	«Сөз», сөйлем» түсініктерімен таныстыру	2
3	Сөздерді буындарға бөлге үйрету	2
4	Дауысты дыбыстармен таныстыру	2
5	Дауыссыз дыбыстармен таныстыру	2
6	Сөздерді дыбыстық талдау жасауға үйрету	2
7	Қолды жазуға дайындау	2
8	Сызықтарды салу, дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу	1
9	Қарапайым сызықтар салу (жекелеген элементтерді ирек сызықпен салу)	1
	Барлығы	16

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Математика негіздері

№	Мазмұны	Сағаттар саны 1 ай
1	10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру	2
2	«Бір» сөзінің мағынасымен таныстыру, екі жиынның арақатынасын орнату: «аз», «көп»	2
3	Заттардың ұзындығын, биіктігі мен енін анықтау	2
4	Әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі) заттарды салыстыру	2
5	Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратуға және дұрыс айтуға жаттықтыру	2
6	Заттарды кеңістікте орналастыра білуді бекіту (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде)	2
7	Жыл мезгілдерінің айларымен таныстыру	2
8	Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең») анықтауға үйрету	2
	Барлығы	16

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру

№	Мазмұны	Сағат саны 1 ай
1	«Менің қалам (ауыл)» тақырыбы бойынша түрлі бейнелеу құралдары: қарындаштармен, акварельдермен және түрлі-түсті борлармен сурет салу	1
2	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдануға, пропорцияларды сақтауға, командада жұмыс істей білуге жаттықтыру.	1
3	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.	1
	Барлығы	4

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Қоршаған ортамен таныстыру

№	Мазмұны	Сағат саны 1 ай
1	Туыстық байланыстар туралы түсініктерді жетілдіру (атасы мен әжесі, жақын туыстары), өзінің жеті атасын білу. Тату отбасы	3
2	Көмекші - заттар	2
3	Табиғат әлемімен таныстыру (өсімдіктер, жануарлар және құстар). Мамандықтар	3
4	Жол қозғалысы ережелері. Көлік	2
5	Туған ел, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері туралы білімдерін кеңейту	2
6	Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту.	2
7	Үйде, қоғамдық орындарда, табиғатта қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	2
	Барлығы	16

Қимылды ойындар

Тақия тастамақ

Мақсаты: балаларды тапқырлыққа, шапшандыққа баули отырып, дене белсенділігін дамыту.

Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады.

Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.

Арқан тарту

Мақсаты: балаларды икемділікке, жылдамдыққа баули отырып, қимыл белсенділігін дамыту.

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.

Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді.

Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Кім жылдам?

Мақсаты : жүгіруге, қимыл дағдылары мен ептілікке үйрету.

Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені.

Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.

Ақ сүйек

Мақсаты: балаларда тапқырлықты дамыту, жүгіруге жаттықтыру

